

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ







«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ  
Факультетінің меңгерушісі – Ректор м.а.

Т.О. Балықбаев

« 09 » 11 2020 ж.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ  
КАФЕДРАСЫ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ

Көшірмесі	Коды	Басылым	Әзірленген	Келісілді
	ЕЕ ҚазҰПУ 09-01-13	Үшінші	Ішпекбаев Ж.Е. 	Жусупбеков С.С. 
				Оразғали А.Д. 
				Норма бақылаушы: Жанбаева Л.А. 



## 1. Жалпы ережелер

1.1 Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы ( бұдан әрі – кафедра) "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі-Университет) құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Кафедра қызметінің ерекшелігі университеттің оқу және ғылыми-зерттеу үдерістерін әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу бөлігінде үйлестіру қызметін жүзеге асыру болып табылады.

1.2 Кафедра өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Білім туралы" Заңын, "Ғылым туралы" Заңын, "Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы" Заңын, университеттің жарғысы мен ішкі нормативтік құжаттарын, ISO 37001: 2016 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйе менеджменті. Қолданылатын талаптар мен ұстанымдар» халықаралық стандартын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, мүдделер қақтығысын шешу саясаты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын басшылыққа алады.

## 2. Мақсаты

2.1 Кафедраның мақсаты:

2.1.1 Этносаяси саламен байланысты пәндерді оқытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ету, сондай-ақ этносаяси зерттеулердің әдіснамасын дамыту.

2.1.2 Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

2.1.3 Бірлескен іргелі жобаларды іске асыру мақсатында зерттеу тәжірибелерін жинақтау бойынша сараптамалық қоғамдастықтар мен ғылыми құрылымдарды қалыптастыру.

2.1.4 Әлеуметтік - экономикалық, саяси және мәдени үдерістер контекстінде этносаясатты зерттеудің кешенді жолын қарастыру, этносаяси зерттеулердің қоғам мен мемлекет өмірінің басқа салаларындағы зерттеулерден оқшаулануына жол бермеу.

## 3. Міндеттері


3.1 Оқу-әдістемелік және ғылыми - зерттеу қызметін бақылау.

3.2 Оқу-әдістемелік және ғылыми - зерттеу үдерістерінің мониторингі.

3.3 Оқу бағдарламаларын жетілдіру.

3.4 Қазақстан халқы Ассамблеясымен, этномәдени бірлестіктермен байланыстарды қолдау;

3.5 Этносаясат саласымен тікелей байланысты тарихи, әлеуметтік, саяси, экономикалық зерттеулердің нәтижелерін қорыту және кешенді тәсілді қамтамасыз ету, жан-жақты көзқарас пен пәнаралық байланыстарды қалыптастыру мақсатында оларды үйлестіру;

	Коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті»	Күні: 09.11.2020 ж.	Басылым: үшінші
	Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы туралы ереже	ҚазҰПУ ЕЕ 09-01-13	5-тен 3 бет

3.6 Этносаясаттың бірыңғай тәсілдерін, базалық ұғымдарын және этносаралық қатынастардың жай-күйін, үрдістерін және даму перспективаларын бағалау критерийлерін әзірлеу және оларды операциялау.

#### 4. Қызметтері

##### 4.1 Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс:

4.1.1 Оқу процесінің сапасын бақылау және үйлестіру;

4.1.2 Мемлекеттік тіл мен қазақ халқының мәдениеті өзекті рөл атқаратын азаматтық және рухани-мәдени қауымдастық негізінде Қазақстан этностарының азаматтық бірегейлігі мен тұтастығына бағытталған оқу бағдарламаларын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу;

4.1.3 Қызметтің мазмұны мен жоспарлауды, ұйымдастыру, бақылау және нәтижелерін көрсететін құжаттаманы жүргізу;

4.1.4 Этносаясатты зерделеу және тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

4.1.5 Зерттеу тақырыбы этносаясат саласымен байланысты дипломдық жұмыстарды, магистрлік және PhD диссертацияларды, оның ішінде мүдделі ұйымдардың өтінімдері бойынша жазуға жәрдемдесу;

4.1.6 Оқу процесіне мемлекеттік этносаясаттың императивтерін тиімді енгізу, оқу пәндері бағдарламаларына ғылыми-қолданбалы зерттеулер нәтижелерін инкорпорациялау;

4.1.7 Курстарды әзірлеу кезінде оқу процесі шеңберінде этносаралық саладағы үдерістерді түсінуге бірыңғай шоғырландыру тәсілдерін әзірлеу, бұл ретте отандық және шетелдік ғылым шеңберінде, атап айтқанда мәдени антропология шеңберінде әзірлемелерге ерекше рөл бөлінеді;

4.1.8 Оқытылатын курстардың бағыты:

- этносаясат жүйесіндегі мемлекет пен оның органдарының рөлін түсінуді қалыптастыру;

- оқу үрдісі шеңберінде этносаралық қатынастардың мәдениеті мен этикасын қалыптастыру;

- этносаралық толеранттылықтың функциялық қоғамдық құндылығын ұғынуға ықпал ету;

- этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделінің қағидаттарын енгізу.

##### 4.2 Ғылыми-зерттеу жұмысы


4.2.1 Ғылыми зерттеулер жүргізу.

4.2.2 Ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіру.

4.2.3 Оқу-әдістемелік ( монография, этносаясат бойынша Оқу құралдары) және ғылыми жұмыстарды жариялау.

4.2.4 Басқа жоғары оқу орындарымен белгіленген тәртіппен ынтымақтастықты жүзеге асыру.

4.2.5 Шетелдік және отандық қорлардың зерттеу гранттарын алу мүмкіндіктерін іздеу.

	Коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті»	Күні: 09.11.2020 ж.	Басылым: үшінші
	Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы туралы ереже	ҚазҰПУ ЕЕ 09-01-13	5-тен 4 бет

4.2.6 Ғылыми жобаларды, инновациялық әзірлемелерді өткізуге және іске асыруға жәрдемдесу.

4.2.7 Теориялық-әдіснамалық базаны жинақтау, этносаясаттың әртүрлі проблемаларын зерделеуге синтезделген тәсілді құру және зерттеу процесінің өзін оңтайландыру мақсатында этносаясат саласындағы әзірлемелермен айналысатын мемлекеттік ұйымдардың ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіру (ақпарат алмасу, бағытталған зерттеулердің қайталанбауын қадағалау, бірлескен зерттеулерді жүргізу т.б.).

4.2.8 Кәсіби қарым-қатынастың, академиялық және ғылыми ынтымақтастықтың мүмкін болатын нысандарын кеңейту.

4.3.9 ХС ИСО 9001:2015 талаптарына сәйкес университеттің сапа менеджмент жүйесін әзірлеуге, енгізуге, қолдауға және үнемі жақсартуға қатысу.

**5. Құрылымы**

5.1 Кафедра құрылымы университеттің штаттық кестесімен анықталады. Кафедраның құрылымы мен штатын университет ректоры бекітеді.

5.2 Кафедра қызметкерлерінің өкілеттігі, құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі, біліктілігіне қойылатын талаптар қызметкерлердің тиісті лауазымдық нұсқаулықтарымен анықталады.

**6. Өзара іс-қимылы**

6.1 Кафедра өз қызметін жүзеге асыруда белгіленген тәртіппен университеттің құрылымдық бөлімшелерімен және басқа да ұйымдармен, мекемелермен, зерттеу институттарымен, шетелдік серіктестермен өзара іс-қимыл жасайды.

**7. Құқықтары мен өкілеттіктері**

Кафедра құқылы:

7.1 университет әкімшілігінің алдына қызметтің тиісті жағдайларын қамтамасыз ету мәселелерін қою;

7.2 кафедра қызметінің мәселелері талқыланатын және шешілетін университет бөлімшелерінің жұмысына қатысу;

7.3 қажетті мекемелермен үздіксіз байланыс орнату;

7.4 ғылыми зерттеулердің тақырыптарын, қызмет бейіні бойынша кафедрамен көрсетілетін қызмет түрлері мен бағыттарын таңдау;

7.5 оқу үдерісін ұйымдастыру және жетілдіру, халықаралық байланыстарды дамыту бойынша ұсыныстар енгізу;

7.6 университеттің Ғылыми кеңесінің отырыстарында оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметінің маңызды мәселелерін талқылау;

7.7 республикалық форумдарға, конференцияларға, кеңестерге, сондай-ақ кафедра, университет аясында өткізілетін іс-шараларға қатысу;

7.8 жетекші оқу орындарында, мемлекеттік мекемелерде және басқа да ұйымдарда кәсіби біліктілігін арттыру.





## 8. Жауапкершілік

8.1 Кафедраның қызметіне еңбек шарты мен лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі жауапты болады.

8.2 Кафедра жауапты:

- кафедра қызметін ұйымдастыру, жоспарлау және мониторингілеу, оқу және ғылыми-зерттеу процестерінің жоғары тиімділігін қамтамасыз ету;
- кафедра мәжілістерін уақытында өткізу;
- пәндер бағдарламаларын әзірлеу және іске асыруды қамтамасыз етуді бақылау;
- кафедра пәндері бойынша оқу үрдісін оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;
- білім беру үдерісін жетілдіру, оқытудың заманауи технологияларын енгізу;
- педагогикалық этика нормаларын, университеттің ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтау;
- қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау;
- кафедраның материалдық жауапты адамының оқу және ғылыми жабдықтардың, қосалқы құралдардың сақталуына жауап беруі;
- университеттің сапа менеджменті жүйесі саласында ХС ИСО 9001-2015 талаптарын орындау;
- ҚР заңнамасы мен кафедра туралы ережемен және кафедраның, Университеттің басқа да актілерімен қарастырылған міндеттерді орындау.
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджмент жүйесінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының, мүдделер қақтығысын шешу саясатының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде Қазақстан Республикасының ішкі нормативтік құжаттары мен заңнамалық актілерінің талаптарын сақтау.

## 9. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу және бекіту тәртібі

9.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ҚазҰПУ ПРО 0401-20 «Ішкі нормативтік құжаттамаға» сәйкес жүзеге асырылады.

Университеттің сапа менеджменті жүйесі бөлімінің келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар тіркеу парағына міндетті түрде белгі қоюмен рәсімделеді.